

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: КІРІСПЕ

Структурализм





Структурализмге кіріспе

Мақсаты: структурализмнің тууы, қалыптасу кезеңдері мен оның шығарманы талдаудағы өзіне тән ерекшеліктерін түсіндіру.

Кілт сөздер: структурализм, баяндау жүйесі, шығарманың құрылымы.

Структурализм – латын сөзі, «құрылым», «байланыс» деген мағыналарды білдіреді. XX ғасырдың жиырмамыншы жылдарында бастауын құрылымдық лингвистикадан алған структурализм өткен ғасырдың 50–60-шы жылдары Батыста, әсіресе, Францияда ерекше танымал болды. Мәдениеттанушы-антрополог К. Леви-Стросс француз структуралистінің негізін қалаушы ретінде аталады. Ол алғаш рет өзінің антропологиялық зерттеулерінде құрылымдық әдісті пайдаланған болатын. Дегенмен әдебиеттанудағы структурализмнің методологиялық ұстанымдары Фердинанд де Соссюрдің құрылымдық лингвистикасы мен орыстың формалистік мектебінің идеяларына негізделген. «Структуралистік поэтиканың негізгі ұстанымы көркем мәтін бірлігінің жүйелілігі болды. Жүйелілік дегенде ең бастысы оның құрылымдық деңгейінің баспалдағына баса назар аударылды. Әуелгіде структуралды лингвистикадан бастау алған бұл тұжырымның негізгі ұстанымдары структуралистік поэтика басшылыққа алған кезеңдерде генеративті лингвистика тұрғысынан қайта қаралды. Бұл зерттеу тәсілінің құрылымдық деңгейінің жүйесі төмендегідей болды: фоника, метрика, грамматика, синтаксис, семантика (жалпылай алғанда мәтіннің мәні). Бұл жүйе бойынша структуралистер көбіне лирикалық өлеңдерді талдауды басты негіз етіп алды. Ал егер прозалық шығармалар талданған жағдайда фоника, метрикалардың орнын – туындының фабуласы мен сюжеті ондағы уақыт пен кеңістік басады» [1].

Әдебиеттану ғылымындағы структурализм көркем мәтіннің құрылымындағы маңызды бөлшектерді зерделеудің күрделі жүйесін жасады. Мысалы, структурализмнің мәнін ашатын еңбектерде қатынас, элемент, деңгей, оппозиция, жағдай, вариант, инвариант деген терминдер жиі қолданылады. «Мұндағы қатынас деген сөз мынадай мәнде қолданылады: элементтердің біреуінің өзгеруі екіншісін де өзгертсе, олардың арасында қатынас бар деген сөз. Элемент дегеніміз – зерттеу объектісінің әрі қарай бөлуге келмейтін ең кіші құрылымы. Ал деңгей – араларында қатынас бар бірыңғай элементтер құрамы, оларды айыру үшін оппозиция немесе бинарлық деген ұғымдар қолданылады. Инвариант – варианттың модификациясы, яғни элементтердің вертикальды, горизонтальды өстерде түйісуі, бірімен-бірі кейін орналасуы, синтагматикалық байланысы».

Структурализмде қолданылатын зерттеу әдістері структуралық талдауға байланысты белгілі бір әрекеттердің мынадай ретті құрамынан тұрады:

1. Аксиоматизация – жүйенің әрі қарай элементтерге бөліп талдауға болмайтын бөліктерін анықтап алу.
2. Диссоциация – зерттеу объектісінің элементтерін негіздеріне қарай отырып реттеп алу.
3. Ассоциация – элементтер арасындағы байланыстардың сипатын, түрін айқындау.
4. Идентификация – элементтердің арасындағы қатынастар арқылы олардың маңызды ортақ белгілерін табуға тырысу.
5. Интеграция – элементтерді жиынтық түрде емес, оларды бүтіннің бөлшегі деп қарастыру [2].

Әдебиеттегі құрылымның мәнін түсіну үшін дене туралы ойланып көріңіз. Бұл қаңқа шешуші рөл ойнайды, алайда көзге көріне қоймайды. Сол секілді, әдеби шығарма ешқашан көріне қоймайтын белгілі бір құрылымға ие болып табылады, бірақ бұл шығарманың әдеби туынды ретінде мән арқалауына және қызмет етуіне жол ашады. Құрылымның мәнін ұғынудың тағы бір мысалы – теннис немесе гольф сияқты спорттық жарыстар туралы ойланы. Егер сіз ойынның ережелерін білмесеңіз, әр ойыншының қандай жағдайда екенін, кімнің орнын ауыстырғанын немесе басқа да мәселелерді біле алмайсыз. Сіз үшін екі адамның жан алысып ойнап жатқанында мән болмауы да мүмкін. Әр ойындағы әрекеттер оның ережесін түсінбейтін



адамдар үшін мағынасыз бос әурешіліктей көрінсе де, көзге көрінбейтін ережелер оған белгілі бір құрылым дарытады. Ойыншылар алаңға белгілі бір қағидаттарды білгендіктен ғана шығады.

Әдебиеттегі құрылым мәселесін басқа да көптеген мысалдармен түсіндіруге болады, әрине. Әдебиеттегі әрбір көркем туынды өзіне тән құрылымға ие. Аталмыш құрылым оның әртүрлі элементтерінің өзара қалай жымдасқаны мен бір-бірімен қалайша байланысқа түскенін анықтауға мүмкіндік береді. Драмалық немесе фантастикалық сюжеттер бірдей басталып, мүлдем басқаша шешім табуы мүмкін. Ал поэма ұқсас сызықтардың қайталануы арқылы жазылады.

Трагедия, поэма, роман, әңгіме, сатира, мелодрама т.б. сынды жанрларда жазылған көркем туындыларда да ұқсас құрылым болуы кәдік. Олар романдағы «кедергі», мелодрамадағы «теріс пиғылды адам» немесе сентиментальды шығармалардағы «ашықтық» сынды жалпылама сипаттар мен сюжеттік ерекшеліктерге ие. Құрылымның аталмыш қосарлы өлшемін түсінудің ең тиімді жолы – демалыс күндерін жергілікті кинотеатрдағы қойылымдардағы өзіңізге ұнайтын фильмді көруге арнау. Олардың кейбіреулері шынайы кейіпкерлері мен күтпеген сюжеттік желілері арқылы өзіне тартатын салмақты драма болуы мүмкін. Қалай дегенмен де, бәрінің де сіз үшін бағалы өзіне тән құрылымдық жүйесі болатыны ақиқат.

Кейбір фильмдер жалпылама ережелер мен бәріне белгілі дәстүрлі сюжеттерге және қарапайым көркемдік детальдарға ие болуы мүмкін. Олардың құрылымы әлдеқайда қарапайым. Егер шытырман не фантастикалық жанрдан бес түрлі фильмді көріп шықсаңыз, олардың құрылымындағы өзара ұқсастықтардың қайталануына куә болар едіңіз. Онда әртүрлі қиындықтарға тап болатын көптеген қаһармандарға кезігеміз, олар неше түрлі сынақтарға тап болып, әрқилы ситуацияларға байланысты шыңдалып отырады. Дегенмен олардың бойында қатер – күрес – жеңіс сынды ұқсас мотивтер кездеседі әрі осындай қиындықтарды еңсеретін батыл да батыр қаһармандардың шығармаларда үнемі қайталанып жүретінін де айтуға тиіспіз.

Әрбір көркем әдеби туындының ішкі құрылымы болады. Мысалы, Генри Джеймстің «Вашингтон алаңы» деп аталатын шығармасын оқып отырған кезде оның екі түрлі дүниетаным арасындағы тепе-теңдікті сақтауға тырысатынын байқайсыз. Ғалым, рационалист және сезімнен жұрдай Остин Слопер мен аса сезімтал, қияли һәм ақжарқын Лавиния Пенниман бейнелері өте сәтті жасалады. Мұндай құрылым кең, яғни схематикалық жүйеге негізделеді. Ол баяндаудың уақыт ағымынан тыс өзара жүйелілігіне құрылған. Аталмыш екі кейіпкер оқиғаны баяндау барысында аса көп көріне қоймайды, олардың бейнесі жалпы айтқанда тұрақты, өзгере бермейтін бейнелер. Сонымен бірге, роман әртүрлі ұсыныстар мен шешімдердің ұйымдасқан құрылымдарына ие. Пысық, бірақ жарлы Моррис Таунсенд деген жігіт аяқ астынан Слопердің Кэтрин деген ұсқынсыздау қызына үйленгісі келіп қалады. Ол оның ақшасына ғана қызығады, бірақ бір жолын тауып, басқаша әрекет жасау керек болатын. Джеймс сюжеттің дәстүрлі мелодрамалық формасына жүгінеді. Қыздың ата-анасы жігітке мүлдем қарсы, жалпы, баяндау құрылымы осылай өрбиді. Қалыңдықтың әке-шешесі қолынан келгенше қарсылық туғызып бағады, ал жас ғашықтар осынау кедергілердің бәрін еңсеру үшін барын салады. Бірақ Джеймс – иронияны ту еткен жазушы, оның мелодрамалық формаға көңілі толмайды. Себебі мұны өмір үшін қисынсыз әрі нанымсыз деп есептейді. Осы тұрғыдан алғанда, мелодрамалық форма әдеттегідей өтімді бола бермейді.

Әдетте роман оқып немесе кино көріп отырған кезде адамдардың көбі ондағы образдар мен әрекеттерге көбірек мән береді. Ал шындап келгенде, көбісі шығарманың сюжеттік элементтерінің құрылымына назар аудара бермейді. Бәлкім әңгімеге арқау болған оқиға өмірдің өзінен алынған болар. Асылында, біз оқып не көріп жатқан өмірдің қайта баяндалған үзіктері саналы түрде арнайы құрылған.

Бір кезде Джеймс Остин Слопердің қызының тойында отырған кезін суреттейді. Ал Кэтрин оны көріп қатты сасып қалады, себебі ол мүлдем қарсы боп жүрген әкесінің Моррис Танунсендпен бірге отырғанын көреді. Бұрын әкесінің наразы боп жүргеніне қатты уайымдайтын еді. Ал Слопер болса оның бұл таңданысын одан әрі күшейтіп, шығып кетеді. Бұл, бәлкім, көзге көріне қоймайтын болмашы көрініс шығар. Бірақ роман құрылымында айрықша мәнге ие болып тұр. Бұл оның қызына деген қамқорлығын көрсетеді әрі некелесуге қарсы болған әрекетін түсіндіріп, оны кешіруге жол сілтейді.



Әдеби құрылым сонымен бірге шығарманың формасы да. Сол арқылы оның басқа көркем туындылармен ұқсастығын тани аламыз. Мысалы, орыс ғалымы Владимир Пропп көптеген халықтық ертегілерді салыстырып қараған кезде олардың өзара жақын әрі үйлес сюжеттік жолдармен дамып отыратынына көз жеткізген. Француз антропологі Клод Леви-Стросс болса бір-бірінен мүлдем алшақ жатқан мифтердің өзара ұқсас тақырыптар мен қаһармандар жүйесіне ие болатынын растаған. Бір-бірімен салыстырып қараған кезде ғалымдар бәрінің адамның дене мүшелері секілді өзара ұқсас әрі жүйелі құрылымға ие екенін тапқан. Шығармалардың баяндалу жүйесі белгілі бір арнамен жылжып отырады әрі белгілі бір мән-мағынаны ұғындыруға тырысады екен. Бұл фантастикалық немесе шытырман оқиғалы фильмдердің көбінің өзара өте жақын болатынын білдіреді. Былайша айтқанда, фильмдерді қазіргі заманауи халық ертегілері деуге де болады.

Әдебиетте ұқсас композициялық элементтерге ие жалпы топтар туралы жиі айтылады. Мәселен, барлық трагедияларда мойындалу деген сияқты құрылымдық элементтер болады. Ал эпикалық дастандарда белгілі бір оқиғалар желісі үздіксіз дами отырып, қаһармандардың басынан ұқсас сынақтар мен қиындықтар өтеді. Әдеби тұрғыдан алғанда, құрылым сонымен бірге көркем туындылардың белгілі бір жанрларға қатысты конвенцияларына бағынатынын да білдіреді. Эпикалық шығармалар әдетте салмақты әрі қаһарманның ұлттық мақсаттарға жетудегі ерен жеңістерімен байланысты боп келеді. Эпикалық шығармаларда ұлттық құндылықтарды мансұқтаған бірліктерге кезікпейсіз. Әйтпесе, ол қағидаға қарсы келеді. Ал егер осындай мысқылды шиеленістерге тап болсаңыз, ол басқа жанр болғаны. Бәлкім әдейі ойдан шығарылған шығарма болар не болмаса соңғы жағын сатиралық сипатта аяқтау үшін әдейі таңдап алынған, бірақ эпикалық құрылымға ие туынды болуы мүмкін. Оған мысал ретінде Джойстың «Улиссін» келтіруге болады. Әртүрлі жалпы келісімдер түрлі оқиғалар мен нәтижелердің тууына сеп болуы мүмкін. «Алқызыл әріп» сияқты шығармада бұл шынайы көрініс тапқан. Романның ішкі ережелері бізге барынша табиғи етіп көруге жол ашады, дегенмен сюжеттегі оқиға психологиялық тұрғыдан шындыққа жанасуы да мүмкін. «Алқызыл әріптің» баяндау жүйесінің өзегінде әрекеттің басым бөлігіне қозғаушы күш болатын және оқиға мен баяндау жүйесінің қалай ұйымдасқанын анықтайтын жалынды махаббаттың шиеленісі жатыр. Ал «Вашингтон алаңы» сынды модернистік роман басқаша қабылданады. Ондағы махаббаттың романтикалық және скептикалық сипаты жұтаң. Ақырын ғана семетін «махаббат шиеленісі» баяндау жүйесін ұйымдастырып тұр. Ендігі кейіпкерлер қолы ашық игі адамдар емес, олардың бойында кемшіліктері де аз емес. Ал баяндау жүйесі идеалды романтикалық табысқа қарай емес, қайта сәтсіздіктерге қарай ойысады.

Сондай-ақ, структураның семантикалық сипаты да бар. Әдеби шығармада көрініс тапқан әртүрлі мән-мағыналар құнды болып саналады. Өйткені олар кодтарға сілтеме жасайды немесе көрсетеді. Сөздік секілді код та белгілі бір нақты нысанның, оқиғаның, сөз не белгінің мәніне ие болады. Әдебиетте белгілі бір оқиға шығарманың ішкі жүйесін сақтап тұратын нақты кодтарға қатысты өз маңызын арттырады. Мұндай кодтар жазушы үшін нақты болуы мүмкін. Бірақ ондай кодтар әдетте мәдени кодекстерге әсер етеді немесе оларды қалыптастырады.

Джеймстің «Вашингтон алаңындағы» оқырман арсыз деп күдіктенетін кейіпкер қызбен түскі ас ішіп, онымен некелесу арқылы қыруар байлыққа қол жеткізуден үміт етеді. Бар ықыласымен шарапты сіміре береді. Ал әкесі осы үшін де оған оң көзқарас танытпайды. Әкесі қанағатты ту еткен аға буынның өкілі әрі шараптан алыс. Джеймстің жас жігіт ішкен шараптың шөлмектерінің санына қатысты айтқан ескертпесінің мәнін түсіну үшін сол дәуірдің мәдени кодекстеріне ой жіберген абзал. Ал «Арық адам» сынды отызыншы жылдардан кейінгі кез келген киноны көрсеңіз, арақ-шарапты «өркендеудің» бір белгісі ретінде көретін мүлдем басқа мәдени кодекске, басқа кейіпкерлер болмысына тап боламыз. Детективтердің бәрінде дерлік мас адамдар жүретін болды. Сонымен бірге қолына рюмка ұстаған кейіпкерлер жоғары тап өкілі ретінде танылды. Кодекстер арқылы берілетін мағынаның құрылымынсыз шығарма әдеби құнынан айырылып қалатын еді және ол оқырман алдында да түкке тұрғысыз боп қалуы кәдік. Ал ондайда кездейсоқ таңдалған оқиғалардың тізімі әдеби шығарма ретінде қызмет атқара алмайды.

Сонымен, кез келген көркем шығарма белгілі бір логикалық құрылымға ие болып табылады. Әдебиетте оқиғалар кездейсоқ тәртіппен емес, қайта жүйелі әрі логикалық тұрғыдан бір-



бірімен байланыс құрады. Жалпы, көбіне логиканың өзі белгілі бір себеп-салдарлық сипатта болады. Бір оқиға басқа бір оқиғаның тууына жол ашады. Дегенмен логикалық қатынастардың өзі ұқсастық, қайшылық, парадокс, ирония т.б. секілді құрылымдарда көрінуі мүмкін. Көркем баяндау әдетте кейіпкерлер әрекетінің салдарынан туындаған логикалық үлгіні сақтайды. Эмили Бронтенің «Нәсерлі өткеліндегі» Кэтрин Хитклиффке опасыздық жасайды. Вирджиния Вулфтың «Миссис Дэллоуейінде» баяндау жүйесі әрі кеңістіктік контраст, әрі уақытша прогрессия тұрғысынан құрылған. Шекспирдің «Лир патшасында» сюжеттің құрылымын басқаратын логика риторикалық және схематикалық сипатта көрінеді. Егде патша өз патшалығын жоғалтып алады, себебі оны құтқарудың дұрыс жолын таба алмады. Аудиторияға белгілі кодтардан алынған мағыналардың қосылуы мен оқиғалардың жүйелілігі бірігіп әдеби шығармаға азық бола алады. Мысалы, «Матрица» шығармасы анархиялық және антиавторитарлық клуб арасындағы қақтығысты суреттеуден басталады. Баяндаудың әрбір сегменті мән туғызатын түрлі кодтарға арқа сүйейді. Клубтағы жас адамдар ішкі мәдени кодтарында жағымды мән туғызатын киім киген (мысалы, қара былғары). Киімнің өзі төтенше тәжірибелерге жол ашады. Қақтығыс кезінде киім белгілі бір деңгейде «жұмсақтық» пен «белгісіздік» ұғымын білдіретін мағыналық код арқалаған. Барлық агенттер бірдей киінеді және мұндай ұқсастық жастардың кодындағы өз даралығын жоғалту мәнін білдіріп тұр. Алайда корпорация кодында біркелкі киім үлгісі жұмыс тәртібінің жақсылығы мен өнімділігін де танытады.

Көркем шығармалардың ішкі құрылымына қатысты көптеп мысал келтіре беруге болады. Біздіңше, структурализмнің басты қағидаттары тарулы түсінік қалыптасты деп ойлаймыз. Структурализмнің әдебиеттану ғылымының аясын кеңейтіп, формалық, құрылымдық тұрғыдан көп жетістікке жеткенін мойындауымыз керек. Көркем мәтіннің өзіне тәне қасиетін танып, даралығын анықтау үшін аталмыш теориялық әдістің берері аз емес.

Тақырыпты пысықтау үшін қойылатын сұрақтар

1. Структурализмнің методологиялық негіздері қай теориялық бағыттардан бастау алады?
2. Структурализмнің мәнін ашатын ғылыми еңбектерде қандай терминдер жиі қолданылады?
3. Ертегілердің ортақ сюжеттік элементтерін анықтаған орыс ғалымы кім? Оның шығарма құрылымына қатысты айтқан пікірлерін талдаңыз.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

1. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы: Екі томдық. Т.2. Тәуелсіздік кезеңі / Жалпы ред. басқ.: А.С. Ісімақова; ҚР БҒМ ҒК, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер ин-ты. – Алматы: Қазақпарат, 2009. – 658 б.
2. Әдеби энциклопедиялық сөздік. – М., 1987. 428 б.
3. Есембеков Т.О. Көркем мәтін теориясы: оқу құралы / Т.О. Есембеков. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 186 б.